

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫң ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЕЛШІЛГІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 28 қазан 1993 ж. N 1071

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Әзіrbайжан Республикасы, Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Грузия Республикасы, Қыргызстан Республикасы, Молдова Республикасы, Түркменстан, Өзбекстан Республикасы, Украина елшіліктерін ашу туралы" 1993 жылғы 9 қантардағы N 1057 U931057\_ Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасындағы Елшілігі қызметкерлерінің штат саны 12 адамнан тұратын болып бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісінің лауазымдық жалақысы Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппараты басшысының жалақысы деңгейінде белгіленсін.

Өзбекстан Республикасымен қатынастардың маңыздылығын және жұмыс көлемінің үлкендігін ескере отырып, Қазақстан Республикасы Елшісінің лауазымдық жалақысына 20 процент мөлшерінде үстемеақы тағайындалсын.

3. Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасындағы Елшілігі қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасындағы Елшісінің лауазымдық жалақысына қарай белгіленсін. Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасындағы Елшілігінің қызметкерлеріне жылына төрт лауазымдық жалақы мөлшерінде сыйақы берілсін, ал материалдық көмек екі лауазымдық жалақы мөлшерінде көрсетілсін.

Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасындағы Елшілігінің әкімшілік-техникалық қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларына ай сайын 15 процент мөлшерінде үстемеақы белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасындағы Елшілігінің шығын сметасы 1993 жылдың 3 айына 474421 мың сом көлемінде бекітілсін.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша шығын сметасын белгіленген тәртіппен түзететін болсын.

5. Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасындағы

Елшілігіне өкілдік мақсаттар үшін шетелде шығарылған бір автомашина алуға рұқсат етілсін.

6. Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі, Қазақстан Республикасының Сауда министрлігі, Республикалық "Қазконтракт" контракт корпорациясы Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасындағы Елшілігінің жабдықтар мен мұкеммалға қажеттілігін қарастырып, олардың 1993 жылы бөлінуін және жеткізілуін қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК